

Январцев ауылдық округіне қарасты Петров елді мекеніне пастереллез ауруы бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы N 204 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 13 мамырда N 7-7-89 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қазандағы N 816 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 16.10.2014 N 816 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 27 бабы, Қазақстан Республикасы шаруашылығы Министрлігінің 2002 жылғы 14 қарашадағы "Ветеринария саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы" N 369 бұйрығын басшылыққа алып, Январцев ауылдық округіне қарасты Петров елді мекеніне пастереллез ауруы бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы Зеленов аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесінің 2009 жылғы 4 мамырдағы N 1-11-202 санды шығыс хаты арқылы ұсынысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Январцев ауылдық округіне қарасты Петров елді мекеніне пастереллез ауруы бойынша шектеу шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. М. Ибрагимовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Ғ. Қапақов